


Акционердің  
2006 жылғы "15" сентябрь саны  
№ 6 шешімімен  
Бекітілген



М.М. Сартбаев

Қазақстан Республикасы уәкілетті  
органының рұқсатымен

2007 ж.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ІШІ АТҚАМІСТЕРІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ІШІ АТҚАМІСТЕРІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ІШІ АТҚАМІСТЕРІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ІШІ АТҚАМІСТЕРІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ІШІ АТҚАМІСТЕРІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ІШІ АТҚАМІСТЕРІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ІШІ АТҚАМІСТЕРІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ІШІ АТҚАМІСТЕРІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ІШІ АТҚАМІСТЕРІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ІШІ АТҚАМІСТЕРІ

«ГНПФ» ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ

ЖАРҒЫСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ІШІ АТҚАМІСТЕРІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ІШІ АТҚАМІСТЕРІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ІШІ АТҚАМІСТЕРІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ІШІ АТҚАМІСТЕРІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ІШІ АТҚАМІСТЕРІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ІШІ АТҚАМІСТЕРІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ІШІ АТҚАМІСТЕРІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ІШІ АТҚАМІСТЕРІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ІШІ АТҚАМІСТЕРІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ІШІ АТҚАМІСТЕРІ

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 2006 жыл

КЕЛЕСІ БЕТІН  
ҚАРАҢЫЗ

## 1. Жалпы ережелер

1. «ГНПФ» жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) осы Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, оның органдарын құру тәртібі мен олардың құзіретін, Қоғамның қызметін қайта құру немесе тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді белгілейді.

2. Қоғамның толық атауы:

- 1) мемлекеттік тілде: «ГНПФ» жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы;
- 2) орыс тілінде: акционерное общество «Накопительный пенсионный фонд «ГНПФ».

3. Қоғамның қысқартылған атауы:

- 1) мемлекеттік тілде: «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ;
- 2) орыс тілінде: АО «НПФ «ГНПФ».

4. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050008, Әуезов көшесі, 82-үй.

## 2. Қоғамның заңды мәртебесі

5. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, банкттерде шоттары бар, өз атынан мүлктік және дербес мүлктік емес құқықтар мен міндеттер сатып және жүзеге асыра алады, жауапты болып, сотқа қуынушы және жауапкер ретінде қатынаса алады.

6. Қоғамның өзінің атауы жазылған мөрі, бланкілері және оның қызметін жүзеге асыру үшін қажет басқа да деректемелері бар.

7. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

8. Қоғам жинақтаушы зейнетақы қорларының жарғылық капиталына қатысудан басқа, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға құқылы.

9. Қоғам Қазақстан Республикасының заң актілерінде қарастырылған тәртіппен өзі орналасқан жерден тыс орында заңды тұлға болып табылмайтын, Қоғамның атынан және оның тапсырмасымен ережелердің негізінде іс-әрекет ететін филиалдар мен өкілдіктер құруға құқылы.

## 3. Қоғамның және акционерлердің жауапкершілігі

10. Қоғам өз міндеттері бойынша өзіне тиесілі мүліктер шегінде жауап береді.

11. Қоғам өз акционерлерінің міндеттері бойынша жауап бермейді. Акционерлер Қоғамның міндеттері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заң актілерінде қарастырылған жағдайларды қоспағанда, өздеріне тиесілі акциялар құны шегінде Қоғам қызметіне байланысты залалдарға тәуекел етеді.

## 4. Қоғам қызметінің негізгі түрлері

12. Қоғам қызметінің негізгі түрлері болып:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіппен салымшылардан зейнетақы жарналарын жинау;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алушыларға зейнетақы төлемдерін төлеу;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған тәртіпте зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру табылады.

13. Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасымен тиым салынған қызметпен айналысуға, сондай-ақ:

- 1) үшінші тұлғалардың қарызына кепілдік беруге;

2) негізгі қызмет түрлерінің бағытын өзгертуге құқығы жоқ.

## 5. Қоғамның мүлкі және капиталы

14. Қоғамның мүлкі:

- 1) акционерлердің Қоғам акцияларының ақысына табысталған мүліктер;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте өз қызметінің нәтижесінде алынған кіріс;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздемелер бойынша алынған басқа мүліктер есебінен қалыптасады.

15. Қоғамның жарғылық капиталы акционерлердің жалпы жиналысының немесе соттың шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен акциялар шығару және оларды орналастыру арқылы өсірілуі мүмкін.

## 6. Акциялар және оларды орналастыру шарттары

16. Қоғам жай акциялар шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

17. Қоғамның жарияланған жай акциялар саны 5 555 000 (бес миллион бес жүз елу бес мың) бірлікті құрайды.

Акциялардың бақылау пакеті Қоғамның дауыс беретін жалпы акциялар санының 50% және одан да көп процентін құрайды.

18. Жай акция акционерге акционерлердің жалпы жиналысына катысу, дауыс беруге шығарылған барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс беру құқығын, Қоғамның таза кірісі және акционерлердің жалпы жиналысының тиісті шешімі болған жағдайда, дивидендтер алу құқығын, сондай-ақ Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен таратылған жағдайда, оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

19. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер жыл қорытындылары бойынша төлемақы туралы шешім қабылданған сәттен бастап отыз күннен кешіктірілмей, ондай шешім қабылданған күннен бастап бұқаралық ақпарат құралдарына міндетті түрде жарияланып, төленеді.

20. Акцияларды шығару, орналастыру шарттары мен тәртібі акцияларды шығару проспектісімен белгіленеді.

21. Қоғам жарияланған акцияларды орналастыру, сондай-ақ бұрын сатып алынған акцияларды сату ниеті болған кезде, өзінің акционерлерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте сатып алудың артықшылықты құқығына сай акцияларды сатып алу туралы ұсыныспен жазбаша түрде хабардар етеді.

22. Акционерлердің құқықтар мен міндеттемелер тізбесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен (бұдан әрі – Заң) белгіленеді.

## 7. Таза кірісті бөлу тәртібі. Акциялар бойынша дивидендтер

23. Қоғамның таза кірісі (салықтар мен басқа да бюджетке төленетін міндетті төлемдерден кейінгі) акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен белгіленген тәртіппен, соның ішінде дивидендтер төлеу үшін бөлінеді. Қалған бөлігі Қоғамды дамыту үшін және акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен қарастырылған өзге де мақсаттарға бағытталады.

Акционерлердің жалпы жиналысы жыл қорытындылары нәтижесінде жай акциялар бойынша дивидендтер төлеудің мақсатсыздығы туралы шешім қабылдауға құқылы, ондай шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына міндетті түрде жарияланады.

24. Қоғам акциялары бойынша дивидендтер есептеуге мына жағдайларда рұқсат етілмейді:

- 1) меншік капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер Қоғамның меншікті капиталының мөлшері, оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер ол Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік нышандарына сәйкес келетін болса не аталған нышандар Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болатын болса.

## 8. Қоғамның органдары

25. Қоғамның органдары:

- 1) жоғарғы орган – акционерлердің жалпы жиналысы (егер Қоғамның барлық дауыс беретін акциялары бір акционерге меншікті болса – сол акционер);
- 2) басқару органы – директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – басқарма;

Егер Қоғамның барлық дауыс беретін акциялары бір акционерге меншікті болса, акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. Заңмен және Қоғамның осы Жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының құзіретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді сол акционер жеке қабылдайды және ол жазбаша түрде ресімделуі тиіс.

## 9. Акционерлердің жалпы жиналысы

26. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзіретіне төмендегі мәселелер жатады:

- 1) Қоғамның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
  - 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
  - 3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
  - 4) Қоғамның жарияланған акциялар санын өзгерту туралы шешім қабылдау;
  - 5) Қоғамның тапсырылуына тыйым салынған зейнетақы активтерінен басқа активтерін 90 күннен артық мерзімге кепілдікке тапсыру туралы шешім қабылдау;
  - 6) директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылар төлеу мөлшерін және талаптарын, Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмыс тәртібін айқындау;
  - 7) Қоғамға аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
  - 8) жылдық қаржы есептілігін бекіту;
  - 9) Қоғамның есепті қаржы жылы ішіндегі таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындылары бойынша Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
  - 10) Заңның 22-бабының 5-тармағында қарастырылған жағдайлар туған кезде, Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
  - 11) Қоғамға тиесілі меншікті активтердің жиырма бес не одан да көп пайызын құрайтын сомадағы меншікті активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру жолымен Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруы немесе оның қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
  - 12) акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Қоғамның акционерлеріне хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарына беру туралы шешім қабылдау;
  - 13) Қоғам акцияларды Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар туралы заңнамасына сәйкес сатып алған жағдайда, олардың құнын анықтау әдістемесін бекіту;
  - 14) акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
  - 15) Қоғамның қызметін тексеру;
  - 16) шешім қабылдау Заңда және осы Жарғыда акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзіретіне жатқызылған өзге де мәселелер.
- Осы Жарғының 26-тармағының 1) - 5), 7), 9)-тармақшаларында көзделген мәселелер бойынша шешімдер, оның ішінде сырттай дауыс беру нәтижесінде де, бірауыздан қабылданады.

Басқа мәселелер бойынша жалпы жиналыстың шешімі Қоғамның дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.

27. Акционерлердің кезекті тәртіпте өткен жалпы жиналысына Қоғамның коммерциялық құпиясын құрамайтын мәселелерді талдау кезінде, Қоғамның акционері болып табымайтын тұлғалар қатынасып, сөз сөйлеулері мүмкін. Аталған тұлғалардың акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беруге қатысуға құқықтары жоқ.

28. Акционерлердің жылдың жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы:

- 1) Директорлар кеңесінің;
- 2) ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады.
- 3) Акционерлердің жалпы жиналысын әзірлеу мен өткізуді;
- 4) атқарушы орган;
- 5) Директорлар кеңесі;
- 6) Қоғамның тарату комиссиясы жүзеге асырады.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама акционердің назарына оған жазбаша хабарлама жіберу арқылы жеткізілуге тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарда осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдауға қажетті ақпарат болуға тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда хабарланған уақытта ашылады (егер қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда елу және одан да көп процентін иеленген акционерлер (немесе олардың дауыс құқығы бар өкілдері) тіркелсе).

Акционерлердің жалпы жиналысы ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру нысанын белгілейді.

Дауыс беру қорытындылары бойынша есеп комиссиясы дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасап, оған қол қояды.

Дауыс беру қорытындылары акционерлердің дауыс беру өткізілген жалпы жиналысының барысында жария етіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуға тиіс.

Егер дауыс беретін барлық акциялар бір акционерге тиесілі болса, акционерлердің жалпы жиналысы жүргізілмейді. Акционерлердің жалпы жиналысының құзіретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім сол акционер арқылы жеке қабылданып, жазбаша түрде ресімделеді.

29. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері акционерлердің тізбесіне енгізілген адамдарға дауыс беру үшін бюллетеньдер жіберу бойынша сырттай дауыс беру өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс берумен) бірге не акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілмей қолданылуы мүмкін.

30. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беру қорытындылары не сырттай дауыс беру нәтижелері әрбір акционерге акционерлердің жалпы жиналысы жабылған күннен кейінгі он күн ішінде жазбаша хабарлама жіберу жолымен мәлімделеді.

31. Осы бөлімде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарастырылады.

## 10. Қоғамның директорлар кеңесі

32. Заңмен және осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының құзіретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғамның директорлар кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылық етуді жүзеге асырады.

33. Директорлар кеңесінің айрықша құзіретіне мына мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын белгілеу;

2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) Қоғамның акцияларын орналастыру (сату), оның ішінде Қоғамның жарияланған (сатылған) акциялар саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы шегінде орналастырылу (сату) бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның орналастырылған акцияларды Қоғамның өтеуі және оларды өтеу бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;

6) атқарушы органның сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

7) атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің еңбекақы мөлшерін, еңбек ету шарттарын және оған сыйақы төлеу шарттарын айқындау;

8) ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбекақы және оларға сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау, сондай-ақ ішкі аудит қызметі насшылығына кандидатураны бекіту;

9) Директорлар кеңесі жанынан (Директорлар кеңесі мүшелерінің санынан) Қоғамның қызметін мониторингілеу үшін Қазақстан Республикасының қазіргі заңнамасына сәйкес комитеттер құру. Комитеттер Директорлар кеңесі арқылы Қоғамның қызмет түрі бойынша ұрылады және үш мүшеден кем емес құрамнан тұруы тиіс. Директорлар кеңесі мүшелерінің бірнеше комитеттердегі қызметтерін қатар жүргізуіне рұқсат етіледі.

10) бағалаушы мен аудиторлық ұйым көрсеткен қызметтерге төленетін ақының мөлшерін айқындау;

11) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін, оларды бекіту Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Директорлар кеңесінің құзіретіне жатқызылған ішкі құжаттарды бекіту;

12) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

13) Қоғамның басқа ұйымдар құруы және оның қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

14) Қоғамның міндеттемелерін көбейту, оның ішінде бір жылда Қоғамның меншікті капитал мөлшерінің 5 (бес) процентінен артық құнға негізгі активтерді сатып алу туралы шешім қабылдау (Қоғамның меншікті капиталының мөлшері қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары бойынша Қоғамның соңғы жүргізілген аудитін пайдалану арқылы анықталады). ұл орайда қаржы-шаруашылық қызметінің орта мерзімді жоспары және Қоғамның тиісті қаржы шығымы кірістер мен шығыстар сметасымен қарастырылған қаржы операциялары мен шығындар шін жеке шешімдер талап етілмейді;

15) бұрынғы тіркеушімен келісім-шарт бұзылған жағдайда, Қоғамның жаңа тіркеушісін таңдау;

16) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық не өзге де заңмен қорғалатын құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

17) ірі мәмілелер және жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау;

18) жыл сайын Қоғамның кіріс және шығыс сметасын бекіту;

19) Қоғамның орта мерзімді қаржы-шаруашылық қызметі жоспарын және басқарманың оны іске асыру туралы жыл сайынғы есебін қарау;

20) Қоғамның есеп саясатын бекіту;

21) Қоғам қызметкерлерінің жалпы штаттық санын бекіту;

22) Қазақстан Республикасының заңнамасымен Қоғамның Директорлар кеңесінің құзіретіне жатқызылған мәселелер, шешімдер;

23) акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзіретіне жатпайтын басқа мәселелер.

34. Қоғамның Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің 5 (бестен) кем емес және 9 (тоғыздан) астам емес Директорлар кеңесі мүшелерінен тұрады, олардың әрқайсысының дауыс беру кезінде

бір-бірден дауысы болады. Бұл орайда Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің үштен бірінен кем емес және елу проценттен артық емес саны тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Жеке адам ғана директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

Директорлар кеңесінің мүшелері:

- 1) акционер - жеке адамдар;
- 2) директорлар кеңесіне акционерлердің мүдделерін білдіруші өкілдер ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыныс берілген) адамдар;
- 3) басқа адамдар (осы бапта белгіленген шектеулерді ескере отырып) арасынан сайланады.

Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша бір кандидатты жақтап толық дауыс беруге немесе оларды директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидат арасында бөліп беруге құқылы. Ең көп дауыс санын алған кандидаттар директорлар кеңесіне сайланған болып есептеледі. Егер директорлар кеңесінің мүшелігіне екі немесе одан да көп кандидат тең дауыс санын алса, бұл кандидаттарға қатысты қосымша дауыс беру өткізіледі.

Қоғамның акционері емес және акционердің мүдделерін білдіруші өкіл ретінде директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (ұсыныс берілмеген) жеке адам директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлана алады. Мұндай адамдар саны директорлар кеңесі құрамының елу процентінен аспауы керек.

Директорлар кеңесін өткізу үшін кворум директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 50 және одан көп пайызын құрайды.

Дауыстар бірдей болғанда, директорлар кеңесі төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

35. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды.

Атқарушы органның басшысы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

36. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе атқарушы органның бастамасы бойынша, не:

- 1) директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) қоғамның ішкі аудит қызметінің;
- 3) қоғамға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) ірі акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің отырысын директорлар кеңесінің төрағасы немесе атқарушы орган шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткен отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткен күннен бастап үш күн ішінде жасалып, оған отырыста төрағалық еткен адам мен директорлар кеңесінің хатшысы қол қояды.

Директорлар кеңесінің шешімі директорлар кеңесіне шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы да қабылдануы мүмкін.

Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетендерде кворумның болуы кезінде ғана қабылданған болып танылады.

Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру шешімі жазбаша түрде рәсімделуі керек және оған Директорлар кеңесінің хатшысы мен төрағасының қолдары қойылуы қажет.

Шешім рәсімделген күннен бастап жиырма күн ішінде олардың негізінде аталған шешім қабылданған бюллетендер бірге тіркеліп, Директорлар кеңесінің мүшелеріне бағытталуға тиіс.

Сырттай дауыс беру үшін бюллетенде:

- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) сырттай дауыс беру үшін бюллетендерді берудің нақты күні;
- 4) Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу күні немесе Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізбестен сырттай дауыс беру үшін дауыстарды есептеу күні;
- 5) Директорлар кеңесі мәжілісінің күн тәртібі;

6) егер Директорлар кеңесі мәжілісінің күн тәртібі басқарма басшысын және мүшелерін тағайындау туралы мәселеден тұратын болса, болжалды сайланатын мүшелердің есімдері;

7) дауыс беруге қойылған сұрақтарды тұжырымдау;

8) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс берудің «жақтайды», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен білдірілген нұсқалары;

9) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру (бюллетенді толтыру) тәртібін түсіндіру болуға тиіс.

Директорлар кеңесі мәжілістерінің хаттамалары және Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі Қоғамның мұрағатында сақталады.

Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесі мүшелерінің талабы бойынша оған Директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамасы мен сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімді танысу үшін беруге және (немесе) Қоғамның уәкілетті қызметкерінің қолымен және Қоғамның мөрінің баспа-таңбасымен куәландырылған хаттамадан және шешімнен үзінді көшірмелерді беруге міндетті.

37. Директорлар кеңесінің төрағасы директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның мәжілістерін жүргізеді, сондай-ақ мынадай функцияларды атқарады:

1) Қоғамның есептілігін мемлекеттік уәкілетті органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіп пен мерзімдерде тапсырады;

2) Қоғамның атынан басқарманың басшысымен материалдық ынталандырудан тікелей ынталылықты және Қоғамның қызметінің нәтижелері мен орта мерзімді қаржы-шаруашылық қызметі жоспарының орындалу жауапкершілігін қарастыратын, жеке еңбек келісім-шартын жасасады.

38. Осы бөлімде реттелмеген мәселелер акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен директорлар кеңесінің жұмыс тәртібімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

## 11. Атқарушы орган

39. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты алқалы атқарушы орган - басқарма жүзеге асырады, ол Қоғамның басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзіретіне жатқызылмаған Қоғамның қызметі бойынша мәселелер турасында шешімдер қабылдайды, оның ішінде:

1) Қоғамның мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған шешімдерді қабылдайды;

2) ірі мәмілелерді жасау жөніндегі шешімдерді қабылдауды қоспағанда, Қоғамның атынан мәмілелер жасауға шешімдер қабылдайды;

3) Қоғамның меншікті капиталының мөлшерінен бес проценттен кем емес көлемін құрайтын Қоғамның міндеттемелерін арттыру жөніндегі шешімдерді қабылдайды;

4) бекітілуі Директорлар кеңесінің құзіретіне жатқызылмаған Қоғамның ішкі құжаттарын бекітеді;

5) Қоғамның зейнетақы ережелерін бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерімен анықталған басқа да функцияларды жүзеге асырады.

Басқарма Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысы мен директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Басқарма 3 (үш) адамнан кем емес мүшелер құрамынан, оның ішінде Басқарма Төрағасы және оның орынбасарлары және басқа мүшелерден тұрады.

Басқарма мүшесі басқа ұйымдарда Қоғамның директорлар кеңесінің келісімімен ғана жұмыс жасауға құқылы.

Басқарманың мәжілістері басқарма мүшелерінің кез келгенінің бастамасы бойынша шақырылады.



Басқарма мәжілістерін жүргізу үшін кворум басқарма мүшелерінің жалпы санының 50 және одан артық процентінен тұрады.

Дауыстар саны бірдей болған кезде, басқарма төрағасының даусы шешуші болып былады.

Басқарма шешімдері Басқарма мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады және хаттама түрінде рәсімделеді. Хаттамаға сол мәжіліске қатынасқан Басқарманың барлық мүшелерінің дауыстары қойылады.

40. Басқарма төрағасы:

1) акционерлердің жалпы жиналысы мен Қоғамның директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғаларға қатысты Қоғамның мүддесін сенімхатсыз ұсынады;

3) үшінші тұлғаларға қатысты Қоғамды ұсыну құқығын беретін сенімхаттар береді;

4) (Занда белгіленген жағдайларды қоспағанда) Қоғамның қызметкерлерін жұмысқа қабылдау, ауыстыру және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шаралары мен тәртіптік жазалар қолданады, Қоғамның басқармасының және Қоғамның ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғамның қызметкерлерінің еңбекақы және сыйлықақы тәртібін, мөлшерін белгілейді;

5) Басқарманың мүшелерімен жеке еңбек келісім-шарттарын жасасады;

6) өзі жоқ болған кезде, өз міндеттерін атқаруды өз орынбасарларының біріне жүктейді;

7) Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік және жауапкершілік аясын бөледі;

8) Жарғыға және Қоғамның филиалдары және өкілдіктері туралы ережелерге, сондай-ақ олардың өзгерістері мен толықтыруларына қол қояды;

9) Қоғамның, оның ішінде филиалдары мен өкілдіктерінің құрылымын және штаттық кестесін бекітеді;

10) Қоғамның орталық аппараты бөлімшелерінің ережелерін бекітеді;

11) Қоғамның атынан қаржылық есептілікке аудит жүргізуге аудиторлық ұйыммен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте келісім-шарт жасасады;

12) Қоғам атынан келісім-шарттар (келісімдер, контракттар) жасайды;

13) Қоғам қызметінің барлық мәселелері бойынша бұйрықтар, өкімдер және нұсқаулар шығарады;

14) директорлар кеңесіне Қоғамның кіріс және шығыс сметасын бекітуге ұсынады;

15) директорлар кеңесіне Қоғамның орта мерзімді қаржы-шаруашылық қызметінің жоспары мен оның іске асырылуы жөніндегі жыл сайынғы есепті бекітуге ұсынады;

16) директорлар кеңесі алдын-ала бекіткен соң, жыл сайын акционерлердің жалпы жиналысына өткен жылғы жылдық қаржы есептілігін талқылау және бекіту үшін ұсынады;

17) директорлар кеңесі бекіткен шығыстардың жалпы сомасы аясында әртүрлі баптар арасындағы шығыстар мөлшерін қайта орналастыру туралы шешім қабылдайды;

18) мемлекеттік уәкілетті органдарға Қазақстан Республикасындағы заңнамада белгіленген тәртіп пен мерзімде Қоғамның тиісті жоспарлары мен есептілігін ұсынады;

19) Қоғамның органдарының тапсырмасы бойынша басқа да функцияларды жүзеге асырады.

Басқарма бастығы басқарманың қарауына оның құзіреттеріне қатысты кез-келген мәселені шығаруға құқылы.

41. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылау үшін ішкі аудит қызметі құрылады. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Қоғамның директорлар кеңесінің және басқармасының құрамына сайлана алмайды. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

## 12. Қоғамның ақпараттарды жарыққа шығаруы

42. Қоғам өз акционерлерінің назарына Қоғамның акционерлерінің мүддесін қозғайтын, оның қызметі туралы ақпараттарды оларды Қоғамның <http://www.gnpfstaff.kz> ресми сайтына орналастыру арқылы ұсынады.

43. Акционердің талабы бойынша Қоғам акционерге Заңмен қарастырылған құжаттардың көшірмелерін көрсетуге міндетті.

44. Акционер ақпараттарды алу мақсатында Қоғам Басқармасының төрағасына жазбаша және ауызша нысанда хабарласады. Акционер жазбаша хабарлама жіберген кезде, ол Қоғамның кіріс құжаттарын есепке алу журналында тіркелуі қажет. Қоғам акционер талап еткен ақпараттарды (талап етілген құжаттардың көшірмелерін) хабарласқан күннен бастап сұратылған ақпараттық көлеміне (күрделілігіне) қарай күнтізбелік он бес күннен аспайтын мерзім ішінде беруі тиіс.

45. Қоғамның акционерлері мен лауазымды тұлғалары Қоғамнан тиісінше сұраныс алған сәттен бастап он күн ішінде аффилирленген тұлғалар туралы мәліметтер береді, сондай-ақ өзінің аффилирленген тұлғалары туралы аффилирленгендік мәліметі орын алған күннен бастап жеті күн ішінде Қоғамға ақпарат беруге міндетті.

### 13. Қоғамды басқарудың ерекшеліктері

46. Республикалық меншік иелігіндегі Қоғамның мемлекеттік акциялар пакетін иелену және пайдалану құқығы мемлекеттік меншікті басқаруға уәкілетті мемлекеттік орган арқылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе Ұлттық Банкінің шешімі бойынша басқа мемлекеттік органға берілуі мүмкін.

47. Қоғамның мемлекеттік акциялар пакетін иелену және пайдалану құқығы бар мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының құзіретіне жатқызылған мәселелер бойынша акционер ретінде мемлекеттің мүдделерін қорғайды.

48. Жарғылық капиталына мемлекет қатынасатын Қоғамның атқарушы органы жоспарлы жылдан бұрынғы жылдың бірінші сәуіріне дейін аталған акцияларды иелену және пайдалану құқығын жүзеге асырушы мемлекеттік органға мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтер мөлшерінің болжалды көрсеткіштерін ұсынуға міндетті.

### 14. Қоғамды қайтадан ұйымдастыру және тарату

49. Қоғам акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен не Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа да негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.

50. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Заңмен және Қазақстан Республикасының басқа да нормативті құқықтық актілерімен реттеледі.

### 15. Қорытынды ережелер

51. Осы Жарғымен реттелмеген барлық мәселелерде Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

52. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіп пен мерзімде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Бас директор



А.С.Секенов

Секенов

Алғазы

Серғазиевич

Утвержден

Решением акционера

от «15» ~~сентября~~ 2006 года № 6



Разрешено уполномоченным органом  
Республики Казахстан

«09» ~~сентября~~ 2007 года



УСТАВ  
АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА  
«НАКОПИТЕЛЬНЫЙ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД «ГНПФ»

Республика Казахстан, город Алматы, 2006 год

## 1. Общие положения

1. Настоящий Устав акционерного общества «Накопительный пенсионный фонд «ГНПФ» (далее - Общество) определяет его наименование, местонахождение, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

2. Полное наименование Общества:

- 1) на государственном языке: «ГНПФ» жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы;
- 2) на русском языке: акционерное общество «Накопительный пенсионный фонд «ГНПФ».

3. Сокращенное наименование Общества:

- 1) на государственном языке: «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ;
- 2) на русском языке: АО «НПФ «ГНПФ».

4. Местонахождение исполнительного органа Общества: Республика Казахстан, 050008, город Алматы, улица Ауэзова, дом 82.

## 2. Юридический статус Общества

5. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

6. Общество имеет печать, бланки со своим наименованием и иные реквизиты, необходимые для осуществления его деятельности.

7. Общество в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан и законодательством Республики Казахстан, а также настоящим Уставом.

8. Общество вправе в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, участвовать в уставных капиталах юридических лиц, кроме участия в уставных капиталах накопительных пенсионных фондов.

